



№1 (9991)
4 қаңтар
бейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Үкімет



13 облыста жол қозғалысына шектеу қойылды

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен жаңа жылдағы алғашқы жұмыс кеңесінде қолжетімді көлік қатынасын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Көлік министрі Марат Қарабаев қазіргі уақытта барлық әуежайлар штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын айтты. Әуе кемелерін қабылдауға және шығаруға ешқандай шектеулер жоқ. Сонымен қатар 29-31 желтоқсан аралығында Астанада ауа райы күрт бұзылды, қалың қар жауып, боран соқты, желдің жылдамдығы секундына 26 метрге жетті. Салдарынан 100-ден астам рейс кешіктірілді. Қажетті шараларды қабылдау үшін әуежай, авиакомпания және метеорологиялық қызмет өкілдерінің қатысуымен жедел штаб жұмыс істеді.

Атап айтқанда, жолаушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, қажет болған жағдайда медициналық қызмет көрсетілді, олардың бір бөлігі (балалар, қарттар, мүгедектері бар адамдар) қонақүйлерге орналастырылды, балаларға аниматорлардың қатысуымен жаңа жылдық сыйлықтар мен тәттілер таратылды. Бұл ретте әуекомпаниялар 29 желтоқсан мен 2 қаңтар аралығында кешіктірілген және тоқтатылған рейстерге билеттер құнын 100 пайыз қайтарды.

Алдағы уақытта рейстердің уақытін кешігу қаупін азайту үшін әуекомпаниялар мен әуежайлар арасындағы үйлестіру күшейтіледі, атап айтқанда, күрделі метеожарғайларда жолаушыларды тасымалдау үшін іс-қимыл алгоритмін әзірлеу жоспарланып отыр. Бұдан басқа әуежайларды арнайы техникамен және құрал-жабдықтармен қосымша жарақтандыру, сондай-ақ жолаушыларға хабарламалар таратуды күшейту мәселелері пысықталады.

Мереке қарсаңында автомобиль көлігіне жүктеме айтарлықтай өсті. 28 желтоқсан мен 2 қаңтар аралығында еліміздің солтүстік-шығыс және орталық бөлігінде қар аралас жаңбыр жауып, желдің екпіні секундына 30 метрге дейін жетті. Жол қозғалысы қиындап, 13 облыста 107 қысқамерзімді жол қозғалысына шектеу қойылды.

Жағдайды түлік бойы бақылап, қажетті шараларды қабылдау мақсатында жедел штаб жұмыс істеді. Жол қызметтері өкілдерімен және полициямен бірлесіп, Астана мен Қарағанды, Астана мен Көкшетау арасында 47 автоколоннаны алып жүруді ұйымдастырды. Бұл қолайсыз ауа райы жағдайында 42 мың көліктің етуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл ретте жабылған жолдарды түлік бойы тазалауға 422 жол-пайдалану техникасы және 700-ден астам адам жұмылдырылды.

Мереке күндері жолаушыларды т/ж көлігімен тасымалдау тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жоғары сұранысқа ие пойыздарда орын саны ұлғайтылды. 12 бағыт бойынша қосымша 296 тіркеме вагон жіберілді. Астана-Алматы-Астана және Астана-Шымкент-Астана бағыттары бойынша қосымша пойыздар жұмыс істеп жатыр. Астана-Көкшетау, Астана-Бұрабай, Астана-Атбасар және Павлодар-Астана бағыттары бойынша 6 қосымша қала маңындағы пойыз іске қосылды.

Өңірлерде қабылданған шаралар туралы Қарағанды облысының өкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Жамбыл облысының өкімі Ербол Қарашөкеев және Ақмола облысының өкімі Марат Ахметжанов баяндады.

Премьер-Министр 25 желтоқсаннан бастап Қазақстанның барлық өңірінде ауа райы күрт бұзылғанын атап өтті. Ауа райына байланысты 150-ге жуық ескерту жарияланып, көлік жолдарында қозғалыс тоқтады және шектелді.

Жалпы орталық және жергілікті мемлекеттік органдар үйлесімді жұмыс жүргізді. Сондай-ақ қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін жекелеген ведомстволар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын күшейту керек, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы барлық үйлестіру штабының жұмысын жандандырды, көлік жолдары мен елді мекендердегі көшелерді қардантүлік бойы тазартып отыруды, сондай-ақ жолаушыларды жылыту бекеттеріне шұғыл эвакуациялау үшін көлік құралдарының қорын қалыптастыруды талап етті.

Көлік министрлігі мен «ҚазАвтоЖол» компаниясы республикалық және халықаралық маңызы бар автожолдарда қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз етуді ерекше бақылауға алуы керек. ТЖМ Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, қолайсыз ауа райы туралы халықты алдын ала хабардар етуі тиіс, – деді Премьер-Министр.

Әлихан Смайылов шектеулер кезінде көлік құралдарының қозғалысына жол бермеу жөніндегі жұмысты күшейтуді және қажет болған жағдайда арнайы техниканы күрделі жол учаскелеріне жедел жіберуді тапсырды.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Мобильді аударым: Кімдер салық төлейді?



Есігімізден ұлу жылы кіргеннен қазақстандықтарды Үкіметтің мобильді төлемдер мен аударымдарды бақылауға алатыны алаңдатып отыр. Екінші бірінің ауызында «KaspiGold қосымшасы арқылы ақша аударуға болмайды» немесе «Тек қолма-қол ақша айналымда жүреді» деген қауесет жүр. Иә, электронды ақшаны қолданып қалған тұрғындар алдағы уақытта сауда жасауының, жалпы жүріп-тұруының едәуір қиындайтынына алаңдаулы. Өйткені 1 қаңтардан бастап ай сайын 100 түрлі тұлғадан мобильді аударым алған азаматтар бақылауға алынады.

Кімдер бақылауға алынады?

Қазақстан Конституциясына сәйкес салық төлеу – әркімнің міндеті. Салық органдары заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығару мақсатында тиісті бақылау жүргізеді. Биылдан бастап

банк ұйымдары жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары бойынша деректерді береді. Құнтізбелік үш ай қатарынан ай сайын 100 түрлі тұлғадан мобильді аударымдар алған азаматтар бақылауға алынады.

Бақылау-касса машиналарын қолдануды жеңілдету үшін 2022 жылдан бастап БКМ функцияларын екінші деңгейдегі банктердің POS-терминалдарымен біріктіру бойынша қанатқақты жоба жүргізілген. Бұл БКМ мен POS-терминалдың бір чегін беруге мүмкіндік береді. Аталған жобаға қатысып жатқан банктер – «Каспий банк» АҚ, «Халық банк» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сонымен қатар БКМ чектерін бермеу фактілерін анықтау бойынша «Азаматтық бақылау – Чекті талап ет» акциясы да қолға алынды. Анықталған бұзушылықтар туралы «Viron cash-back» тегін мобильді қосымшасы арқылы хабарлауға болады.

Қаржы министрлігінің мәлімдеуінше, жоғарыда аталған өзгерістер адал салық төлеушілерге әсер етпейді және тек заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталған. Яғни жеке тұлғалар бұрынғыдай өздерінің жеке мақсаттары үшін туыстарына, достарына, ата-аналары мен балаларына және басқа да өмірлік жағдайларға арналған аударымдарды жасай алады және қабылдай алады.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Маман мерейі

Білікті педагог

Баланың талантын ұштап, талабын шындау оңай емес, әрине. Ол үшін мамандыққа деген адалдық пен еңбекқорлық қажет. Ауданда кәсіби мамандығын сәт сайын дамытып, өз ісін абыроймен атқарып жүрген мұғалімдер аз емес. Солардың бірі – Ысқақова Әйгерім. Ол өткен аптада 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік педагог – 2023» республикалық байқауының облыстық кезеңінде үздік деп танылып, 1 035 000 теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пән мұғалімі Әйгерім Жарқынбекқызы – оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында тынымсыз еңбек етіп келе жатқан шығармашыл, ізденімпаз, тәлімгер ұстаз. Ол өзінің еңбекқорлығымен, адамгершілігімен, жақсы қарым-қабілетімен көзге түсіп келеді.

– Әйгерім Жарқынбекқызының білім беру саласына қосқан үлесі зор, жеткен жетістіктері көп деп білемін. Себебі ол – тәжірибелі, кәсіби жетістігі көп маман. Соның нәтижесінде



Әйгерім «Үздік педагог – 2023» республикалық байқауында үздіктер қатарынан көрініп, мектебіміздің ғана емес, ауданымыздың да абыройын асқақтатты. Өріптестері мен шәкірттерінің артқан сенімін ақтай алды. Ол – 18 жылдық еңбек өтілі бар білікті маман. Осы уақыт ішінде ұстаздық етуден жалықпай, әр сабағын қызықты етіп өткізу үшін жаңашылдық енгізіп жүретін Әйгерімнің өзгеріске жаны құмар. Ол үнемі

ізденіс үстінде жүріп, білген-түйгенін әдістемелік оқу-құралдарына жинақтап, түрлі байқауларда жеңіске жетіп жүр. Әйгерім мектепшілік, аудандық, облыстық семинар, конференцияларға белсене қатысып қатай алды. Ол – 18 жылдық еңбек аясында мұғалімдермен тәжірибе алмасу мақсатындағы жұмыстарға да ерекше атсалысатын білімді маман, – дейді №123 мектеп-лицейінің директоры Айнуір Мыханова.

Айнуір Сәнибайқызының сөзінің жаны бар. Кейіпкеріміз бүгінге дейін талай білім бәйгесінде үнемі үздіктер қатарынан көрініп, оқ бойы озық шығып жүрген маман. Мәселен, ол облыстық «Көптілді ұстаз», «Ағылшын тілі пәнінің ең үздік мұғалімі», «Табисты мұғалім академиясы», «Үздік авторлық бағдарлама – 2021» байқауларынан жүлделі орындарды иеленген.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ

Сабантой

50 млн теңге үлестірілді

Күзгі науқанды «AB AGRO ORDA» ЖШС ұжымы жоғары жетістікпен қорытындылады. Әлбетте аяқ су тапшылығы, шілденің шіліңгір ыстығы және басқа да мәселелермен шаруа адамдары талай қарсы келді. Соның барлығын еңсеріп, қамбаны астыққа толтырды. Серіктестік төрағасы Қанат Ниетқұлов мұның бәрі ауыл еңбеккерлерінің ауызбіршілікпен, ымырамен іс қылуының арқасында дейді.

Былтыр серіктестік 800 гектарға жуық алқапқа Сыр салысын сепкен. Күзде оның 60 гектарынан 56 центнерден өнім алды. 70 адамды жұмыспен қамтып отырған шаруашылық өлден көктемгі науқан жұмыстарына білек сыбана кірісіп кетті. Былтыр алқаптағы Сыр салысының шығымына ала жаздай тер төккен 15 диқан был да кетпелерін қайрап, соқаларын сайлап отыр. Олай көктемгі жұмысқа ерте қам жасайтындай жөні бар, себебі олар саланы қорытындылаған бойда қаржылай қолдауға ие болады екен. Был да инвестор еңбекте дара шапқан шаруа адамдарына қыруар қаражат үлестіріп, шабыт беріп қойды.

Иә, өткен сәнінде серіктестіктің сабантоы өтті, онда әдеттегідей төраға жыл қорытындысымен атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы жылдан да үлкен өнім күтетінін жасармады. Сондай-ақ ауыл еңбеккерлеріне атқарған жұмысына сай қаражат үлестірі.

Былтыр аяқ су мәселесі болды, жаздың ортасына таман ауа райы да қолайсыз болды. Бірақ мен осындай қиындықтарға төтеп берген әріптестерімнің еңбегін жоғары бағалаймын. Ауыл еңбеккерлерінің ауызбіршілігі мығым болса, біз әлі талай толайым табысқа жетеміз. Әл-індей қиындықтарға қарамастан өткен жылды да шаруашылық жоғары нәтижемен қорытындылады. Ұлу жылында да үлкен өніммен үміттіміз бар. Бастысы, бірлігіміз мығым болса, оған да жетеміз. Бүгінгі қаржылай қолдау сіздердің ала жаздай атыз басында өткен еңбектеріңіздің өтеуі деп білемін.



Негізінен сіздер мұнан да жоғары қолдауға лайықсыздар. Алдағы жылды мол табыспен қорытындыласақ, ол күннің де ауылы алыс емес деп ойлаймын, – дейді төраға Қанат Ниетқұлов.

Айта кетейік, шаруашылықта 3 бригада бар. Маусымда егіс басында біз де барғанбыз. Олар уақытпен, ауа райының қолайсыздығымен санауды білмейді, тек еңбек, еңбек және еңбек. Қара жұмыспен шираған дала дарабоздарының толайым табысқа жетудегі еңбегі зор. Кешегі басшылықтың оларды қыруар қаражатпен марапаттап жатқанын көріп риза болдық. Адал еңбектің өтеуі осы шығар, сіре.

Не керек, шаруашылық төрағасы сабантойда 50 млн теңгені еңбекте озат шыққан дала дарабоздарына үлестірді. Олардың қатарында күріштің күтіміне басымдық берген диқандар, бітік шыққан алтын дөңді жауын-шашынға қалдырмай жинап алған майталман механикаторлар, агрономдар мен аспазшылар да бар. Қорытынды шарада ауыл еңбеккерлерінің алды 2 млн теңгеге, ең төмені 500 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Был Сарсенбек Байғанаев күріштің әр гектарынан 69 центнерден өнім алған. Әр жылды толайым табыспен қорытындылап жүрген диқан алдағы жылы да күріштің күтіміне басымдық

беретінін айтады. Бүгінгі сабантойда даңғайыр диқандардың ізбасары 2 млн теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Шыны керек, бұл қаржылай қолдау бізге үлкен шабыт болды. Шүкір, бұған дейін де күріштен мол өнім алып, әр жылды табысты қорытындылап келеміз. Алдағы жылға да дайындық жұмыстары басталып кетті. Негізінен күріш егу оңай шаруа емес. Оны ала жаздай атыз басында болған диқандар жақсы біледі. Оның үстіне жылдан-жылға аяқ су мәселесі күрделеніп келеді. Ал күріштің негізгі қорегі су екенін ескерсек, бұл диқандарға айтарлықтай мәселе болып отыр. Мамандар келер жылы да мәселе оңалмайтынын айтады. Мұндай жағдайда амалсыздан егінді өртерепантандыруға басымдық беруге тура келеді. Шаруашылықтардың барлығы ротацияны сақтауға ерекше мән берсе, мәселенің алдын алуға болады. Аяқ су қат болса, өнім сапасы да нашарлайды. Былтыр мұндай мәселелердің алдын алдық, жазаған жұмысымыз жемісін берді, – дейді диқан С.Байғанаев.

2 млн теңге қаржылай сыйақыға ие болғандар қатарында майталман механикатор Болат Шімірқов те бар. Ол күрішке орақ түскенге дейін мал азығын жинауға күш салады екен. Ал егін жинау науқаны басталғанда әріптестерімен бірге атыздағы бітік өнімді жинауға кірі-

седі. Айтуынша, еңбек адамы был да жоғары нәтижемен кезге түскен және ол бұл жағдайдың дәстүрге айналғанын айтады.

Еңбек өткен оның нәтижесін көреді ғой, бұл сөздің растығына жыл сайын көз жеткізіп келеміз. Бір жағынан қаржылай сыйақы алдағы жылдарға үлкен шабыт болады. Кім қаржылай қолдауды, әлеуметтік жағдайының жақсарғанын қаламайды дейсіз. Еңбекте озат шыққандар жазаған жұмысының жемісін көріп жатыр. Алдағы жылы да аянбай еңбек етеміз. Жалпы бос уақыт көз келген адамды азырады. Сондықтан қолым қалт етсе, басқа да жұмыстармен айналысқанды жақсы көремін. Шаршамай болмайды, адал еңбек түбінде ырыс әкеледі. Менің шаруашылықта жұмыс жасап жүріп осыған көзім жетті, – дейді механикатор Болат.

Шаруашылықтың күзгі науқанды үлкен табыспен қорытындылағаны көрініп-ақ тұр. Алдағы жылы да төраға қамбаны астыққа толтыруға еңбек өтетінін айтады. Диқандар өлден кеткенін қайрап дайын отыр. Елдің ырысын еселеп, ымырамен іс қылған шаруа адамдарының алдағы науқанды да оң нәтижемен қорытындылауына тілекшіміз ғой біз де.

Ерлан ӘНУАРУЛЫ

Құрмет



Қарттарым – асыл қазынам

Қазақ қашаннан қарты бар шаңырақты қазынаға балаған. Себебі біз үлкенге құрмет көрсетуде жолынан жаңылмаған жұртпыз. Ауданда да жастарға ақылын айтып, кейінгі буынға бағдарлам болып отырған ардагерлеріміз жетерлік. Олар әр мереке сайын құрмет төрінен көрініп жатады. Кешегі Жаңа жыл мерекесі қарсаңында да аудан әкімі Ардақ Ибраимов ардагерлердің шаңырағына арнайы барып, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында аймақ басшысының арнайы құттықтауын табыстады.

Бейбіт күндегі талағай табыс ардагер әкелеріміз бен аналарымыздың адал еңбегінің арқасы екенін жеткізген аудан әкімі Ардақ Ибраимов әрбір шаңыраққа жаңа жыл құт берекесін, жақсылығын ала келсін деген ізгі тілегін білдірді. Кездесулерде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және аудандық маслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов аудан әкімімен бірге қазыналық қарттарға мерекелік құттықтауларын жеткізді. Киелі шаңырақтың бірлігін сақтап, үйдің берекесін келтіріп отырған үлкендеріміздің өмір жоқты кейінгі ұрпаққа таусылмас қазына болары сөзсіз.

«ЖЖ» ақпарат

Мобильді аударым: Кімдер салық төлейді?

Олар қалай анықталады?

Кейбір қазақстандықтар кәсіпкерлік қызметтен жеке тұлғалардың шоттарына түскен мобильді ақша аударымдары мен кәсіпкерлік қызметтен түскен кірісті жосықсыз жасырады екен. Яғни төлем қабылдағаны туралы түбіртек бермей кәсіпкерлікпен айналысады.

Ал енді мемлекеттік органдарға кімнің деректері беріледі деген сұраққа тоқталсақ, 2023 жылы 1 қаңтардан бастап екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне кәсіпкерлік қызметтен кіріс алу белгілері бар тұлғалар туралы мәліметтерді береді.

Бұл ретте олар жеке сәйкестендіру нөмірлерін (ЖСН) жібереді, оған жоғарыда аталған критерийлерге сәйкес келетін тұлғалар ғана жатады, яғни үш ай қатарынан әртүрлі жіберушілерден жүз және одан да көп ұялы аударымдар алған азаматтар.

Бақылау қалай жүзеге асады?

Ақпарат жалпыға бірдей декларациялау кезеңдеріне сәйкес беріледі. Яғни 2023 жылы банктер 2022 жылы активтері мен міндеттемелері туралы декларация тапсырған мемлекеттік қызметкерлер, оларға теңестірілген тұлғалар және олардың жұбайлары туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына тапсырып қойды.

Ал 2024 жылдан бастап мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайларының тізімдері қалыптасады. Осылайша биыл жалпыға бірдей декларацияның бірінші және екінші кезеңдерінің қатысушылары туралы 2023 жылғы ақпарат берілмек.

2025 жылдан бастап оларға жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары мен олардың жұбайлары, ал 2026 жылдан бастап 2025 жылдан декларация тапсыруға тиісті қалған қазақстандықтар қосылады.

Тұтастай алғанда бақылау салық төлеушілерге бұзушылықтарды өз бетінше жоюға, яғни жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге немесе аударымдар арқылы алынған кірістердің декларацияланбаған сомасын көрсететін қосымша декларация тапсыруға мүмкіндік беруге бағытталған.

Олар бұзушылықтармен келіспеген жағдайда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, олардың жоқтығы туралы түсініктеме беруге құқылы. Хабарлама орындамаған жағдайда салықтық тексеру тағайындалады, оның барысында банктерден жеке тұлғаның шоты туралы толық ақпарат сұратылады және бұзушылықтардың бар немесе жоқтығы туралы нақты шешім қабылданады.

Табысын қандыруға жаза қандай?

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті жеке кәсіпкерлікті тіркеусіз жүзеге асырғаны үшін 15-тен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу түрінде екімшілік жауапкершілік көзделгенін атап өтеді. Биыл бұл сома 59 430 теңгеден 396 200 теңгеге дейін жетеді.

Сондай-ақ кірісті жасырғаны үшін төленбеген соманың 200 пайыз мөлшерінде айыппұл салынады. Бұзушылық қайталанған жағдайда 300 пайызға өседі. Ал чек бермегені үшін 15-тен 50 АЕК-ке дейін, яғни 198 100 теңге айыппұл белгіленеді.

Мемлекеттік кірістер органдары жоғарыдағы өзгерістердің адал салық төлеушілерге әсер етпейтінін және тек заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталғанын баса айтты.

Иә, бұл өрекеттер мен заңнамалық өзгерістер ел әлеуетінің артуына оң әсерін тигізетін болса, халық қашанда қолдауға дайын. Ең бастысы, биыл сауда жасайтын төп теңгеміз тұрақталып, қазақстандықтардың табысы артса болғаны.

Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-BETTE

Сақтансақ, сақтайды

Қызылшаның беті қайтар емес

Қызылша – қызба, интоксикация, дақты-папулалы бөртпе, энантема, конъюнктивит және жоғары тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталатын жедел вирустық инфекциялық ауру. Ол адамға ауа тамшыларымен жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады. Қызылшамен ауыратын адаммен тіпті қысқа уақыт қарым-қатынаста болған жағдайда екпе алмаған адамдардың дертті жұқтыру қаупі өте жоғары.

Қазақстанда қызылшаның эпидемиялық жағдайы әлі де тұрақсыз, соңғы деректерге сүйенсек, 2023 жылдың желтоқсандағы соңғы жағдайлар бойынша республикада қызылшаның 26 168 жағдайы тіркелген, оның 80 пайыздан астамы 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі, 83 пайызы – егілмеген балалар. Сондай-ақ аурудан 2 бала көз жұмған. Оның екеуі де 1 жасқа толмауына байланысты жұқпалы инфекцияға қарсы екпе алып үлгермегендіктен дейді мамандар. Бұл кесел біздің аймақты да айналып өтпеді.

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетованың айтуынша, аудан көлемінде 2023 жылдың тамыз айынан бастап 30 қызылша ауруы есепке алынып, 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 80,7 пайызды құрап отыр. Қызылшаның 8 жағдайы зертханалық жолмен нақтыланған. Барлық қызылша ауруын жұқтырғандардың 23-і 14 жасқа толмаған балалар болса, оның 7-еуі ересектер арасынан тіркелген. Ауданның бас санитары қызылша індетіне шалдыққандардың басым бөлігі ауруға қарсы екпе алмағандар екенін айтады. Олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 74 пайызын құрайды. Оның ішінде медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты егілмегендер үлесі – 36 пайыз, егілетін жасқа жетпегендер үлесі – 36 пайыз, вакцинациядан бас тартқандар үлесі



– 15 пайыз. Сондай-ақ жоспарлы вакцина алуға тиісті мезгілде негізсіз себептермен екпе алмай жүргендер көрсеткіші 8 пайызды құрайды.

Ауырғандардың ішінде екпе алған науқастар да бар, алайда маманның айтуынша, олар қызылшаға қарсы екенің толық курсы алмаған, тек 1 дозасын алған, яғни ағзада толық иммунитет қалыптаспағандар арасынан ауруды жұқтырып алу деректері орын алып отыр. Аудан көлемінде қызылша ауруының алдын алу мақсатында тұрғындар арасында санитариялық ағарту шаралары жүргізілуде.

Инфекция кезі – ауру адам. Инкубациялық кезеңнің 2-інші күні, бөртпелер шыққаннан кейінгі 4 күнге дейін қауіпті. Ал 5-інші күні бөртпелері бар адам ауруды жұқтырмайды деп саналады. Бұл аурумен ауырып жазылған адам өмір бойы иммунитетін сақтайды. Қызылшамен ауырған аналардан туған балалар 3 айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені осы аралықта олардың қанында аналық антиденелер сақталады.

Сонымен қатар онымен ауырмаған және егілмеген адамдар қызылшаны жұқтыруға бейім болады және өзінің өмірінде кез келген жаста ауырып қалуы мүмкін. Инкубациялық кезеңі жұқтырғаннан кейін бірінші белгілері пайда болғанға дейін, яғни 7 күннен 14 күнге дейін созылады. Есте сақтайтын ең маңызды жайт, ауру бөртпе шығудан басталмайды, ол суық тию белгілерімен басталады. Яғни дене қызуының 38-40 градусқа көтерілуі, әлсіздік, төбетің болмауы, құрғақ жөтел, мұрынның бітуі. Кейінірек конъюнктивит (көздің шырышты қабығының қабынуы), сонымен қатар беттің шырышты қабығында (азу тістерінің қарсысында) ұсақ ақ дақтар пайда болады.

Қызылша ауруы бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тек біздің елде емес, бүкіл әлемде күрделенуінің себебін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясы салдарынан халық арасында қызылша ауруына қарсы вакцинациялау барысының әлсіреп, екпеден бас тартушылар санының артуымен байланыстырады.

Себебі ұжымдық иммунитет бәсеңдеген сайын ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Қауіп тобында – екпе алмаған, иммунитеті әлсіз адамдар. Сондықтан қызылшаның алдын алудың ең тиімді және сенімді әдісі вакцинация болып табылады. Қызылшаға қарсы егу – вирусты жасанды жолмен тоқтату, нәтижесінде ағза өзін қорғайтын иммунитет жасайды. Ең алғашқы вакцинацияны балаларға 12 айлығында, екіншісін 6 жаста жасалады. Егу тұрақты қорғанысты тудырады. Мына жайтты ескерген жоң жоспарлы екпеден бас тарту тек өзіңіздің ғана емес, басқа да балалардың өміріне қауіп төндіреді, – дейді Гүлзираш Айымбетова.

Расында денсаулығымызды сақтау өз қолымызда. Жоғарыда айтылған белгілер бойынша байқалған жағдайда міндетті түрде мамандарға тексерілу керек. Арнайы екпе алудан бас тартпай, кеселден сақтану қажет.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Тұлға

Тектінің тұяғы



Қазақта «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген аталы сөз бар. Осы мерзім ішінде өлемде көптеген тарихи өзгерістер болды. Ата-бабаларымыздың сан ғасыр армандаған еліміздің егемендігіне қолымыз жетті. Осынша уақытта Қазақтың ұланғайыр даласында қаншама таңғажайып өзгерістер болды десеңізші! Сарыарқада жаңадан Астана қаласы өмірге келіп, құшақ жайып, ел-жұртты, бүкіл әлемді таң қалдырып өсіп келеді. Мұндай өзгерістер Қазақстанның әрбір ауылында болып жатыр. Мәселен, бұрынғы Коммунизм совхозы бүгінде Мөрәлі Шәменов ауылы деп аталады. Ауылдың қақ ортасында ауыл шаруашылығының майталманы атанған Мөрәлі Шәменовтың биік тұғыра орналасқан Ескерткіш мүсіні тұр. Оның артында ауыл мешіті бой көтеріп, құрылысы аяқталып келеді. Жалағаш кентінің орталық бір көшесі Мөрәлі Шәменовтың атымен аталады.

Жалпы алғанда ағамыз әскер қатарына 1939 жылы алынып, Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысады. Бұйрық бойынша 1945 жылдың мамыр айынан бастап, 1946 жылдың аяғына дейін Германиядағы Бөйценбург қаласының коменданты (өкімі) болып қызмет атқарады. Оның мұндай жауапты жұмыс жасауына орыс тілі мен неміс тілін таза білуі шешуші рөл атқарса керек. Сонымен елге Ұлы Отан соғысының I, II дәрежелі «Отан соғысы» үш орденімен, екі «Қызыл Жұлдыз» орденімен және төрт жауынгерлік медалімен оралады.

Ол жайлы мақалалар өзі барда талай рет барлық деңгейдегі газет беттерінде жарияланған, республикалық журналдарда басылған, кітаптардан да орын алған.

Ең бастысы, Еңбек Ері болмаса да Еңбек Еріндей еңбек өткінін айтып, халық уақытында өз бағасын берген болатын. Бұл баға әліге дейін елінің есінде.

Кезінде Мөкең ақын Әбділда Тәжібаевпен сыйластық, достық қарым-қатынаста болыпты. Қызылордаға келсе Мөкеңнің үйіне соқпай қайтпайтын болған. Екі алыпты – бірі еңбек ұйымдастырудың алыбы болса, екіншісі жырдың алыбы, екеуін жақын-дастырған қандай құдіретті күш екен.

Ақын Әбділда Тәжібаевтың 1981 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан бес томдық шығармалар жинағында «Жол дәптерінен» деген жазбасында: Мөрәлі түрегеп жүріп-ақ ұйықтайды. Мөрәлі жолда емделеді. Шаршамайтын шалдықпайтын Мөрәлі. Ағасызға аға, жағасызға жаға Мөрәлі. Мөрәлі айтады, айтса қайтпайды. Өз ақылың жетпесе, Мөрәліден сұра. Мөрәлі көргенін ұмытпайды, естігенін ұмытпайды, уәдесін ұмытпайды. Мөрәлі кесірленсе, трактор да қозғай алмайды. Иеміз де Мөрәлі, иеміз де Мөрәлі еді ғой. Бір жігіт өрге сүйресе, Мөрәлідей-ақ сүйрер. Дауылда да тынбайтын жауында да тынбайтын Мөрәлі еді. Темірден қатты, жібектен жұмсақ еді. Түсінгіш еді, ісінгіш емес еді. Тастай берік, гүлдей нәзік еді Мөрәлі. Мөрәлі ұялшақ пен сұраншақты ұнатпайтын. Аянбай жанды, жанып болды да бітті ғой, жігіті! – деп жазғанды.

Екі алыптың достығының құпия сыры тереңде жатқандығы жоғарыда айтылған өңгімеден-ақ аңғарылып тұр емес пе? Ал біз ағамыз жайлы қарапайым тіркестермен айтатын болсақ, совхоздардың өзара еңбек жарысы кезінде ол басқарған шаруашылық өзгелерден оқшаулануы, тулпардай шаңына ешкімді де ертпей жарыстың қай саласында болсын экономикалық, мәдени-тұрмыстық, әлеуметтік жағдайдың биік межесінен көрініп, жүлделінің нағыз бастаушысы болып, озаттардың нағыз озаты атанып, әуелі ауданда, одан облысқа, сосын республикаға, тіптен атақ-даңқы Одаққа, Мәскеуге дейін жетіп Коммунизм совхозының туына одақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені тағылған еді. Бұл облыс тарихында бірінші жаңалық, бірінші құрмет, бірінші марапат болды.

Ел ағасы атанған Мөкең, Мөрәлі ағамыз жан-жары Ақшоңық апаимен екеуі өмірге жеті бала өкелген. Олардың бәрі де егеменді еліміздің айтулы азаматтары болды. Ендігі біздің өңгімедің нағыз оозаты ағамыз Айтмұрат Жамбыл болмақ. Алайда айтарымыз оқырман қауымға түсінікті болу үшін алдымен оның қысқаша өмір деректерін бастасам деймін. Айтмұрат Мөрәліұлы 1949 жылы туған. 1971 жылы Жамбыл гидро-мелиоративтік құрылыс институтын

бітірген. Еңбек жолын «Қызылорда строй» тресіне қарасты «Промстрой» мекемесінде қарапайым жұмысшылықтан бастап, 1971-1977 жылдары аралығында мастер, прораб, учаске бастығы болып жұмыс жасады.

Одан кейін 1977-1986 жылдары ПМК-27 және «Риссовхоз строй» тресінің басқарушысы болады. Ал 1986 жылдан 1998 жылдар ішінде «Совхозстрой» тресінің бас инженері, «Қызылорда мелиорация» бірлестігінің бастығы, «Қызылорда строй» тресі басқарушысының орынбасары, Қызылорда қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, «Облагропромстрой» бірлестігінің бастығы қызметтерін абыроймен атқарған болатын.

Құрылысшы болуды қалап алған Айтмұрат Мөрәліұлы үнемі оның күр-сырын меңгеру, оның сапалы жүзеге асырылуын, сәнді болуын жұрттың салынған құрылысқа реніш тудырмайтындай дәрежеде іске асырылуын құрылыстың ең басты көрсеткіші деп қарады. Құрылыстың қайнаған бел ортасында жүріп, өзінің еңбексүйгіштігі, білікті маман, іскер ұйымдастырушы екендігін әріптестеріне көрсете білді.

Қай жұмысты атқарса да қызметтің дәрежесіне қарамай, оны үлкен-кіші демей, бәрін де аса жауапкершілікпен жүргізіп, сенімділік дәрежесіне көтерілді. Соның нәтижесінде қызмет бабында үнемі жоғарылау аясында болды.

Ол облыстың құрылыс салу жұмыстарына белсене қатысқан кәсіби құрылысшының бірі болды. Мәселен, Қызылорда қаласындағы ЦҚЗ, ТЭЦ-6 (екінші кезең), құс фабрикасының сүт зауыты, сенімділік механикалық зауыты, «Рис Маш» зауытын салу жұмыстарына қатысты.

Жалпы өткенге көз жүгіртіп қарап, тарих беттерін парақтайтын болсақ, Жалағаш ауданында қай бағытта болса да құрылыс салу жұмысының ең қарқынды жүргізілген мезгілі, әсіресе 1975-1985 жылдары аралығына тұспа-тұс келеді. Осы аталып отырған жылдары аудан совхоздарында салынған үлкенді-кішілі құрылыстар жайлы бүгінгі ұрпаққа білсін деп жеткізіп айтатын болсақ, ол кезде де ақсаралы істердің атқарылғандығына кең жеткізуге болады. Мысалы, өңгіме етіп отырған мерзім ішінде аудан совхоздарында типтік жобада үш клуб, 6 мектеп, 6 балабақша, 3 монша, ұзындығы 24 шақырым су құбыры, 3 шақырым асфальт жолдары, көшелер, он бір совхозда 51520 шаршы метр тұрғын үйлер және басқа да объектілер іске берілді. Бұлар мәдени тұрмыстық саладағы атқарылған жұмыстар болатын.

Ал осы мерзім ішінде өндірістік бағыттағы іске асырылған объектілер де қарқынмен жүргізілді. Атап айтатын болсақ, Калинин, Қазақстанның Ленин комсомолы, Аққум, Таң, Мәдениет совхоздарында мүйізді ірі қара малына арналып ірі комплекстер, алты күрші совхозында (зерноток) астық қабылдау қырман, 11 совхозда жем-шылдай қырман, сүт өндіретін совхоздардың барлығында сүт өңдеу цехтары салынып, тұрақты түрде жұмыс жасады.

Осы аталып отырылған құрылыс объектілерінің уақытылы салынып, уақытылы іске берілуіне Айтмұрат Шәменов жетекшілік жасаған ПМК-27 мекемесінің үлесі үлкен еді.

Тағы бір айтуға тұрарлық мәселе сол жылдары ПМК-27 мекемесінің есебінен Жалағаш кентінің тұрғындарына арнап 140 орындық балабақша, қосқабатты үйлер салынып берілгенді.

Жалпы Жалағаш ауданының экономикасы мен мәдени-тұрмыстық жағдайын уақыт талабына сай көтеруде ПМК-27 мекемесін басқарған кезде Айтмұрат Мөрәліұлының қосқан үлесі

айтуға тұрарлықтай болды.

1998 жылы Облыс әкімінің орынбасары қызметіне жоғарылады. Бұл қызметте оған оның бұған дейінгі шаруашылық қызметіндегі және ұйымдастыру жұмыстарындағы бұрынғы жылдар бойы жинаған тәжірибесі көмектесті.

Дәлірек айтсақ, қаланы жылумен, электр жарығымен, ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарына тиянақты басшылық жасай отырып, қаладағы қираған ТЭЦ-6 жылу орталығының басында тікелей өзі тұрып, қысқы маусымға жеткізбей іске қосты. Осы атқарған жұмыстарын қала халқы өміріне алдыңғы буын ағалардың куә екенін айтсақ та жеткілікті.

Бүгінде мұны біреу білсе, біреу білмеуі ғажай емес. Шынтауытпап келгенде мұны бүгінгі жас ұрпақтың білгені жөн. Оның үстіне үстіміздегі жыл «Жаstar жылы» деген атау алды. Алдыңғы буынның атқарған еңбегі істерінен хабардар болу, оны естеріне түіе білу, соған қарап бой түзеу тәрбиенің үлкені. Өткенді білу – ұрпаққа парыз деген осы.

Осы тұста атадан балаға ежелден айтылып келе жатқан: Таудан аққан тас бұлақ, Құймай қоймас теңізге. Жақсы өкөден туған ұл. Тарпай қоймас негізге, – деген өлең жолдары еске түседі. Әрине, бұл теңеу заманында Айтмұрат сынды азаматтарға арнап айтылғандығы айтпаса да түсінікті.

көрсету, құрылыс салуды үйретумен жауапкершілікке тәрбиелеу арқылы, оларды сатылап өсірулеріне қол жеткізді. Соның арқасында ол шакіртке бай басты атанды.

Атап айтатын болсақ, олардың қатарына кешегі әр деңгейдегі құрылыс мекемелерін басқарған бүгінде облыс аумағына танымал болған кәсіпкерлер: Көркембай Ермекебаевты, Әбуләзіз Әбжәлеловты, Сәндібек Мұхановты және «Интерстрой» ЖШС-тің төрағасы Бақдәулет Ысқақов пен «Айдан-Мұнай» ЖШС-тің төрағасы Қабыл Жанұзақовты жатқызуға болады.

Бұлар: Ұстазы мықтының ұстанымы мықты болады» деген аталы сөзді беріп ұстағандар. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен сөздің бәрі бос» деп данышпан Абай айтқандай Айтмұраттың достары, еңбектес жолдастары, сыйлас азаматтары көп болатын. Мысалы, мемлекет және қоғам қайраткері Сергей Терещенкомен тығыз, сыйластық, достық қарым қатынаста болды. С.Терещенко Нұр Отан партиясының орынбасары болған кезде Айтмұратта облыста «Нұр Отан» партиясын құруға белсене қатысып, оның алғашқы мүшелерінің бірі болған еді. Сөйтіп, ол өзінің қоғамшыл отаншыл жаңалыққа жаны құмар азамат екендігін көрсеткенді.

Ия, күнделікті өмірден өзіміз көріп жүргендей қай қоғамда да, қай уақытта да өндірісті, құрылысты, шаруашылықты ұйымдастырып, алға жетелейтін, халық аялмай жүретін үлкен істің бастаушылары да, іскер басшылары да, елдің мақтаншына айналған азаматтары болғандығы бәрімізге аян.

Сондай азаматтың бірі, Қазақстанның «Құрметті құрылысшысы», Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы» Айтмұрат Мөрәліұлы болған еді десек артық көткендік болмас.

Боямасыз баяндағанда облыс бойынша сан мыңдаған адамдар еңбек еткен құрылыс саласын басқаруда өзіндік қолтаңбасы бар Айтмұрат Мөрәліұлының егемендік алған уақыттың алғашқы қызын кезінде Шәменов ауыл округінен Мәдениет үйін, үш қабатты орта мектеп құрылысын, қазіргі кезде шаруашылық пайдаланып отырған фундамент екі қабат құрылысқа арналып салынған кеңсе үйін және уақыт талабына сай келетін екі қойма құрылысын салғандығын, оны бүгінде халық өз игіліктеріне пайдаланып отырғандығын еске алып айтудың артықшылығы бола қоймас деген ойдамыз. Сол сияқты ауыл тұсынан өтетін үлкен жолдың бойындағы жол-лаушылар аялдамасы да сол кезеңнің үлесіне тиетін құрылыс екендігін білгеніміз жөн.

Туған жерге болсын деп ойлайтын азамат сонау бір жылдары Мөрәлі Шәменов ауылынан мешіттің іргетасын қалауды бастаған еді, сол мешіт үйі осы жылдың 27 шілде күні «Мөрәлі мешіті» атанып, халық игілігіне берілді. Бұл да болса оның елінің, жұртының оны еске алып айтып жүретін көргендік жұмысының бірі.

Шаңырақтың алтын қазығы болған жан-жары Әлима да текті әулеттің ұрпағы еді. Қазақта «Бір жақсы, бір жаман әр жерде бар, екі жақсы қосылған қай жерде бар?» демекші, екі жақсыдан дүниеге келген балдары: Сәуле, Әділбек, Шамұрайт бүгінде әке өмірін одан әрі жалғастырады. Өңірдің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан атпал азаматтың өнегелі өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі болары анық.

Шығыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының
құрметті азаматы

Білікті педагог

Республикалық «Қазақстан мұғалімі – 2020» ұлттық байқауында арнайы дипломмен марапатталған ол 2021 жылы дәл осы байқаудан 1 миллион теңге грант жеңіп алып, қаржысына мектептегі ағылшын тілі кабинетін жабдықтаған. Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама – 2022» байқауынан III орын және «Қазақстан педагогтарының Алтын кітабы» байқауында I орын иеленген Әйгерім Жарқынбекқызының өмірбаяны, еңбек жолы, жетістіктері аталған кітапқа енген. Еңбегі еленген педагог 2021-2022 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі мен облыстық білім басқармасы басшысының «Құрмет» грамотасымен және облыстық «Жыл таңдауы – 2022» жылды қорытындылау шарасында «Креативті ұстаз» номинациясымен марапатталған.

Айта кетейік, Әйгерім Түркия, Торонто, Крым, Уфа қалаларының белді университеттері, халықаралық Білім және ғылым Академиясы ұйымдастырған халықаралық конференцияларда үздік баяндама жасап, алғыс хаттармен марапатталып жүр. Ол Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты атана отырып, өзекті тақырыптарда ғылыми бағыттағы мақалалар жазуға бетбұрыс жасаған. Мәселен, Коксон тізіміндегі «Хабаршы», «Наука и жизнь Казахстана» ғылыми журналдарына бірнеше өзекті мақалалар жарыққа шыққан. Шәкірттері республикалық «Тіл – тұнық ойдың көусары» олимпиадасы мен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауында жүлделі орындар иеленіп, халықаралық «British Bulldog», «Кенгуру-лингвист» сайысында да жыл сайын алғашқы үштікті түйіндеуде.

– Үздік педагог байқауы 2012 жылдан бастап дәстүрге айналған. Былтыр жаз мезгілінде осы байқаудың ережесі туралы хат келді. Бұрынғы басшымыз Ләйла Шәменова мен қазіргі мектеп-лицей директоры Айнур Мұханова ұсынғысы бойынша қатысуға ниет білдірдім. Соңғы 3 жылдағы өзімнің және оқушыларымыздың жетістіктерін жинақтап, ашық сабақ өткіздім. Терең білімі мен тынымсыз еңбегінің арқасында бірнеше әріптесім осы байқауда ерекше көзге түсті. Бұл байқаудағы жеңіс менің ғана емес, маған сенім білдіріп қолдаған іргелі білім ордамының жеңісі, жемісі деп білемін, – дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, еліміз бойынша өткізілген «Үздік педагог – 2023» республикалық байқауының қорытындысы бойынша мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 64 педагогы өз мамандығы бойынша үздік атанды. Республикалық байқау жеңімпаздары «Үздік педагог» күміс, «Үздік педагог» төсбелгісі және 3 450 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақыны иеленді. 2012 жылдан бастап өткізіліп келе жатқан «Үздік педагог» конкурсында бүгінге дейін 624 педагог үздік деп танылып, олардың ерқайсысына мемлекеттік қолдау ретінде 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы берілген. Биыл конкурста қатысу үшін барлығы 961 ұстаз өтініш қалдырған.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ
БАСҚЫ-1-BETTE

40 күн өтті өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сіре. Асқар тау өкеміз, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Манат Тасмаханұлының ортамызда балаларына бағдарлам болып жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол ардақты азаматтың бақиға бет түзгенінен бері де 40 күн өте шығыпты. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амал бар дейсіз. Тек енді жерде өкеміз жайында өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батады.



Ержанов Манат Тасмаханұлы 1950 жылы 20 наурызда Жалағаш қыстағында дүниеге келген. 1957 жылы мектеп тәбальдырығын аттап, 1967 жылы аудан орталығындағы №123 орта мектебін бітірді. 1969-1971 жылдары әскер қатарына алынып, Семей-22, Молдара (Қурчатов) елді мекенінде №01483 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Әскер қатарында жүріп, «Маз-500» автокөлігін құрылыс материалдарын тасып, шіркілес болған жерлерді тазарту жұмыстарына белсене қатысқан.

1971-1973 жылдары аудандық ауруханада, тұтынушылар одағында жүргізуші болып жұмыс істеді. 1981-1984 жылдары Қызылорда совхоз техникумын ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығы бойынша бітіріп, 1973-2001 жылдары аудандық автотранспорт мекемесінде ұзақ жылдар үздіксіз жүргізуші болып жұмыс атқарды. Ол 1976-1979 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен марапатталды. Саладағы абыройлы еңбегінің арқасында 1978 жылы оған Қазақ ССР Автокөлік министрлігінің Құттықтау хаты да табысталды.

Өкеміз 1977-1981 жылдары облыстың «Таңдаулы транспорт қызметкері» атағын алды. 1987 жылдың қорытындысымен «Облыс чемпионы» болды. 31.03.1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды (№668488). 04.02.2002 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл» медалімен, 08.11.2005 жылы «Тыңға – 50 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. (№13490). Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына – 70 жыл» мерекелік медалін кеудесіне тақты (№1685). Манат Ержанов Жалағаштың 50 жылдығы қарсаңында арнайы мерекелік медалмен де марапатталған. Отан алдындағы борышын адал атқарғаны үшін облыс өкімдігі атынан «Семей сынақ полигонының ветераны» төсбелгісімен марапатталған. 24.08.2016 жылы «Невада-Семей айдраға қарсы қозғалысына – 25 жыл» медалін кеудесіне тақты.

Асқар тау өкемі саналы ғұмырында елдің өркендеуіне, туған жердің түлеуіне қажырлы еңбек етті. Мұнан кейінгі жылдары да Манат Ержановтың қажырлы еңбегі өлеңіп, бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Қызылорда облысы өкімінің «Қызылорда облысының автокөлік саласының құрылғанына – 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. 08.09.2019 жылы «Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Құрметті ардагер» төсбелгісі де атпал азаматтың кеудесінен көрініс тапты. Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы шешімі бойынша Ержанов Манатқа «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Ұзақ жылдар бойы ауданда егін жинау, мал шаруашылығы, жем-шөп тасу, жол жөндеу, құрылыс материалдарын тасымалдау, егінге тыңайтқыш тасу, тағы басқа да шаруашылық жүктерін тасымалдауда аянбай еңбек етіп, ауданның ел-ауқатының жақсаруына сүбелі үлес қосқан азаматтың саналы ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі. Отбасында 3 ұл 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Қазіргі уақытта әке жөлінен куган балалары ер салада елдің дамуына қызмет етсе, немерелерінің алды жоғары оқу орындарында білім алуда.

Өзің жайлы жазылады дастаным, Ұл-қызды игілікке бастадым. Жұмақ болып мәңгі менен өзіңе, Жатқан жерің жайлы болсын, асқарым. Сіз біздің жадымызда мәңгі сақталасыз, өке. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын. 2024 жылы 6 қаңтарда сағат 11.00-де Жалағаш кенті Т.Жүргенов көшесі №140 үйде Ержанов Манат Тасмаханұлының қыры мен жүзі берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекекат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар жұлдызы, балалары мен немере-шөберелері

64 ел басшыларын қайта сайлайды



2024 жыл әлемдік саясатта маңызды кезең болмақ. Биыл бірқатар держава Президент сайлауын өткізеді, нақтырақ айтсақ, 64 ел басшыларын қайта таңдайды. Сарапшылардың мәліметінше, әлем бойынша 2 млрд адам дауыс беруге қатысады. Әрине бұл әлемдегі геосаяси жағдайға айтарлықтай әсер етпей қоймайды. Бүгінде сайлауалды дайындық көп мемлекетте әлден-ақ басталып кеткен.

Әлем көзі АҚШ-та

Әлемдік саясаттың көшбасындағы АҚШ-тағы президент сайлауына төрт-күл дүние көз тігері сөзсіз. Саяси бәсеке бұған дейін-ақ басталып кеткен. Сарапшылармен қоса қарапайым халықта «Президент Джо Байден орын-тағын сақтап қала ма, әлде басқа үміткер ел тізгінін қолға ұстай ма?» деген сауалды қызу талқылап жатыр.

Бүгінде үміткерлер қатарындағы бірнеше адамның есімі мәлім болды. Ең танымалы Джо Байден мен экс-президент Дональд Трамп екен. Бұл екеуі таққа таласта бір-бірінің саясаттағы осал тұстарын теріп, кемшіліктерін бетке басудан алдына қара салар емес. Мәселен, Д.Трамп Ақ үйдің қазіргі қожайынын ІО-1 төмен деп кемітсе, ал Джо Байден оны бүлікші деп айыптады.

– Джо Байден мен демократиялық партия көз келген мәселені шеше алмайды. Қысық Джо – біздің ел тарихындағы ең нашар, қабылетсіз және жемқор президент, – деді АҚШ-тың экс-президенті Дональд Трамп.

Экс-президенттің бұл сөзіне кезінде Трампты әлсіз деп ашуалап, 2020 жылы Джо Байден президент болған кезде, оны бірінші болып құттықтаған Канада премьер-министрі Джастин Трюдо «Егер Трамп билікке қайтып кел-

летін болса, демократияға, сыртқы саясатқа және геосаясатқа ауыр зардаптар өкеледі» деп жауап берді.

Жалпы жылдың алғашқы президент сайлауы Тайуанда өтеді. Онан соң Әзербайжан, Ресей, Франция, Үндістан, Албания және Бразилия халқы өз басшысын сайлайды. Ал АҚШ-тағы сайлау әлем көз тіккен жылдың ең басты саяси науқаны болмақ. Сарапшылардың пікірінше, сайлау нәтижесі әлемде болып жатқан қақтығыстарға тікелей әсер етеді.

Таяу Шығыста жыл жақсы басталған жоқ

Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыстың тоқтайтын түрі жоқ. Жаңа жыл қарсаңында Израиль қорғаныс армиясының өкілі Даниэль Хагари шабуылды одан өрі үдетуге жасы салып жатқанын мәлімдеді. Газа денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, 7 қазаннан бастап Газа секторында 21 мың 978 адам қаза тапқан. Оның басым бөлігі әйел мен бала. Ал жаңа жылдан кейін министрлік соңғы 24 сағат ішінде 156 адам қаза тауып, 246 адам жараланғанын мәлімдеді. Газаның тағдыры бұлыңғыр. Ал мұндағы балалардың жаңа жылдан күтері жылы ұяғана.

Ракеталар отшашуы болды

Ұлу жылы Ресей мен Украина үшін де жайлы басталмады. 2 қаңтарда түнде және таңертең Ресей Украина аумағын ракетамен жаппай атқылады. Негізгі шабуыл Харьков пен Киев қаласына жасалған.

Киев билігінің алдын ала мәліметі бойынша, қаладағы тұрғын үйге түскен ракетадан 1 адам қаза тауып, 27 адам зардап шеккен. Жараланғандардың көбі ауруханаға түскен. Шабуылдан Киевте жарық пен су жеткізу жұмыстарында ақау болған.

Украина астанасының мэрі Виталий Кличко ракеталар азаматтық инфрақұрылымға зиян келтіретін түскенін, газ құбырлары бүлінгенін айтты. Ал Харьковта бірнеше көпқабатты үйге ракета түскен. Бір адам қаза тауып, 40-тан аса адам жараланған.

Алдын ала дерек бойынша, Ресей «Кинжал» ракеталарымен шабуылдаған. Ресей қорғаныс министрлігі бұл шабуылға қатысты ештеңе мәлімдемеді. Мәскеу мұндай шабуылдар тек Украинаның әскери объектілеріне жасалады дейді.

29 желтоқсанда Ресейдің Украина аумағына ракетамен шабуылынан 30 адам қаза тауып, 160 адам жараланған болатын. Ал 30 желтоқсанда Украина

Ресейдің Белгород қаласын атып, 24 адам қаза болып, 100-ден аса адам жараланған. Осыдан соң Ресей Президенті Владимир Путин Украинаға шабуылды үдету жайлы пәрмен бергенін айтқан.

БҰҰ өткен жылға өкпелі

Бытырғы климат жөніндегі саммитте әлем елдері алғаш рет жаңартылған энергия көздеріне көшуге келіскен еді. Биыл айтулы даталардың қатарына 26 қаңтар «Халықаралық таза энергия күні» қосылды. Бұл жаһандық жылынумен күресте әлем үшін маңызды қадамның басы болмақ.

– 2024 жыл сенім мен үмітті қалпына келтіру жылы болуы керек. Ортақ шешімге келу үшін келіспеушіліктерге қарамастан бірігіміз керек. Климаттың өзгеруімен күресу. Экономикалық мүмкіндіктер мен барлығына пайда өкпелін еділ жаһандық қаржы жүйесін құруымыз керек, – деді БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерриш.

Әлемдегі ең беделді халықаралық ұйым Біріккен Ұлттар ұйымы өткен жылға өкпелі екенін мәлімдеді. Жасыратыны жоқ, 2023 жыл үлкен азаптың, зорлық-зомбылық және климаттық хаос жылы болып есте қалды. Расымен де адамзат қатты зардап шекті. Кедейлік пен ашық алқымнан алды. Соғыс оты өрбіді. Түрлі інет тарады. Дегенмен әлем халқы көлер жылдан үміттенеді, жақсылыққа сенеді.

Жандос ЖАЗКЕН

АҚШ астанасы Вашингтонда Қазақстан Республикасы елшілігінің Конгресс кітапханасының қоры Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті туралы кітаптармен толықты. Кітаптар Американың ең көне зерттеу кітапханасының қорына салтанатты түрде табысталды. Олар америкалық оқырмандардың Қазақстан туралы білімін кеңейтіп, болашақ ұрпақ үшін мәдени ынтымақтастықтың көпірі болуы тиіс.

АҚШ қазақ кітаптарына қызығушылық танытты



Қорға берілген кітаптар туралы нақтырақ тоқталып өтсек, «Абай арманы» кітабы ұлттық мәдениет пен әдебиетте маңызды орны бар қазақтың ұлы ақыны, ойшыл және философы туралы баяндайды. «Шоқан Уәлихановтың таңдамалы шығармалары» кітабында көрнекті қазақ этнографының Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қосқан үлесі көрсетілген, оны шетелдік авторлар Н.Филдинг пен доктор А.Тейт жазған. «Қазіргі қазақ әдебиеті» кітабы қазақ мәдениеті мен дүниетанымының прозасын қамтиды. «Асы үстірті» америкалық оқырмандарды Алматының шығысындағы әсем табиғат пейзаждарымен таныстырады.

Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігі өкілдерінің айтуынша, Қазақстан мен АҚШ арасындағы екіжақты қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын және мәдени ынтымақтастық сәрісетікті одан әрі нығайтуға серпін бола алады. Конгресс кітапханасының өкілі Хирад Динавари Орталық Азия туралы каталогтарды толықтыратын Қазақстан жайлы тамаша кітаптар үшін алғысын білдірді. Оның айтуынша, кітапханада араб тілінде Қазақстан туралы алғашқы материалдар жинақтары бар. Араб қарпімен жазылған қазақ тіліндегі ел туралы жинақтар да кездеседі. Сонымен қатар орыс тілінде, ағылшын тілінде жекелеген анықтамалар сөреден орын тапқан.

Иә, сыйға берілген Қазақстан туралы ағылшын тіліндегі кітаптар америкалықтар үшін үлкен сыйлық болмақ, өйткені америкалық оқырмандардың көпшілігі шет тілдеріндегі әдебиетті оқымайды.

Салтанатты шараға Джордж Вашингтон университетінде табылған дамадан өтіп жатқан және Конгресс кітапханасында Орталық Азия бойынша ғылыми жұмыстармен айналысып жүрген «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасының стипендиаттары қатысты. Л.Н.Гумилев атындағы тұркітану кафедрасының профессоры Ажар Шалдарбекованың айтуынша, осындай кездесулер Қазақстан мен АҚШ арасындағы дипломатиялық мәдени қатынасты нығайту үшін өте маңызды. Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігінің Конгресс кітапханасының қорына Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы қызықты өрі маңызды ғылыми еңбектерді табыстау шарасының маңызы зор.

Жандос ЖАЗКЕН

Жапонияда жер сілкінді

Жаңа жыл жапондықтар үшін жайсыз басталды. Нақтырақ айтсақ, дүйсенбі күні таңертеңнен бері күншығыс өлінде магнитудасы әртүрлі 155 жер сілкінісі болды, оның ішінде негізгі 7,6 магнитудалы жер сілкінісі орын алды. Олардың көпшілігі 3 балдан асқан және олардың күші бірте-бірте азайып бара жатқанымен, сейсенбі күні таңертең тағы алты жеткілікті күшті жерасты дүмпулері тіркелді. Бірнеше қалада жарақат алған жүздеген тұрғын ауруханаға түскен. Кешегі мәлімет бойынша табиғи апат салдарынан 64 адам көз жұмған.

Бүгінде іздеу-құтқару жұмыстары дамылсыз жүріп жатыр. Десе де үкімет құрбандар қатары елі өсуі мүмкін екенін ескертуде. Зілзала кезінде 200-ден астам ғимаратта ерт шығып, 100-ден астамы қирап қалған. Ното түбегіне апаратын жолдар қирап, көліктер қатынай алмай қалды.

Апат аймағына аттанған құтқарушылар төтенше жағдайлар қызметінің қызметкерлері мен елдің өзін-өзі қорғау күштерінің сарбаздары үйінділерді тазарту және оқиға орнында адамдарды іздеу жұмыстарын жалғастырып жатыр. Сәрсенбі күні зардап шеккен аймақтарда таннан бері жаңбыр жауып тұр. Осы сәтке дейін 50 мыңға жуық тұрғын қауіпсіз жаққа көшірілген. Бірақ зілзала қаупі өлі сөйілмеген. Жапон билігі өлі

де жер сілкінуі мүмкін екенін ескертті.

–Зілзала ошағына жақын Шика атом электр станциясынан бастап басқа да нысандарда ешқандай ақау тіркелген жоқ. Жерасты дүмпулері қайталануы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан барша адамды барынша сақ болуға шақырамын. Радио және онлайн хабарларға құлақ түріп отырыңыздар. Билік эвакуация туралы шешім қабылдауы да мүмкін, – дейді Жапония министрлер кабинетінің бас хатшысы Эсимаса Хаяси.

Сондай-ақ жер сілкінісі салдарынан Исикава, Ниигата және басқа аудандардың 60 мыңға жуық тұрғыны эвакуацияланған. 33 мыңнан астам үй жарықсыз қалып, зардап шеккен аймақтарда

интернет пен ұялы байланыс ескертеді. Кейбір ауылдарда ауыз су жоқ.

– Біз кешеден бері сенімді және толық ақпарат жинауға барымызды салып жатырмыз. Бірақ Ното түбегінің солтүстік бөлігіне жету мүмкін болмай жатыр. Ол жақтағы жолдар қирап қалған. Тікұшақпен жасалған тексеру лай көшкіні жүргенін, өрт болғанын көрсетті. Аймаққа 1 мың сарбаз жібердік. Қазір цунами қаупі төніп тұрған жоқ, – дейді Жапония премьер-министрі Фумио Кисида.

Жапон сейсмологтары бұл жер сілкінісі 2011 жылы 11 наурыздағы жер сілкінісінің салдары деп санайды.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісө 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 14